

Судың, газдың және жылудың жұмсалуын есептейтін отандық құралдар өндірісі мен оларды орнатудың pilotтық жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 13 тамыздағы N 1256

"Жылуды, ыстық және сұық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 Р970889

_ қаулысын жүзеге асыру барысын талдау халыққа есептеу құралдарын орнатудың кестесі бұзылғандығын көрсетіп отыр. Негізгі себептері - есептеу құралдарын сатып алуға қаражаттың болмауы, отандық өндірушілердің есептеу құралдарының өндірісін ерістетуге айналым қаражаттының жетіспеушілігі.

Суды, газды және жылу қуатын есептейтін отандық құралдар өндірісін үйимдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің, Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының кәсіпорындарында коммуналдық қызмет көрсетулерді есептейтін құралдар өндірісі және осы аймақтардың, сондай-ақ Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарының тұрғын үй қорларын олармен жарақтау жөніндегі pilotтық жобасы макұлдансын.

2. Жоғарыда аталған облыстардың әкімдері:

пәтер иелері кооперативтері мен коммуналдық қызметтерді ұсынушылардың қатысуымен есептеу құралдарын орнату кестесін әзірлеп, бекітсін, қызмет берушілер мен пәтер иелері кооперативтерінің арасында шарттар жасалуын қамтамасыз етсін;

есептеу құралдарын шығаратын кәсіпорындар үшін өндіріс көлемі жөніндегі тапсырысты айқындастын;

халыққа коммуналдық қызмет үшін есеп айырысу кезінде "есептеу құралдарының" төлем құжатына жеке жолмен есептеу құралдарының құнын қосу арқылы несиelerдің қайтарылуын көздесін;

есептеу құралдарының өндірісін және орнатуды несиелеудің кепілдігін қамтамасыз ететін шешім қабылдастын;

мыналарды:

коммуналдық қызметтерді құралдық есептеудің экономикалық пайдалылығы туралы халық арасында түсіндіру жұмыстарының жүргізуін;

коммуналдық қызметтің отандық өндірісінің есептеу құралдарын сатып алуға түсетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының әкімдері есептеу

құралдары өндірісін бөліп, осы жұмыстарды 1997 жылғы 20 тамызға дейін жасауға мүмкіндіктері бар өндіруші кәсіпорындардың тізбесін айқындасын.

4. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіне:

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің облыстық филиалдарында коммуналдық жыл қуаты, суарнасы кәсіпорындарының және басқа да коммуналдық қызмет берушілердің жинақтаушы шоттарын ашу;

бизнес-жоспары болған жағдайда, қызмет беруші кәсіпорындар және отандық есептеу құралдарын шығарушылар арасындағы шарттар негізінде 3 жылға дейін мерзімге несиелік желілер ашу;

тұрғын үй қорына есептеу құралдарын сатып аlyп, орнатуға тұтынушыларға несиелер беру мәселесін пысықтау ұсынылсын;

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулының жүзеге асырылу барысы туралы 1997 жылдың 1 қазанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндасын,

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі